

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Үржар ауданы Мақаншы ауылдық округіне қарасты "Дина" шаруа қожалығында ірі қара малдары арасында бруцеллез індеті тіркелуіне байланысты шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Мақаншы ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 27 қаңтардағы № 8 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Мақаншы ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 39 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 маусымда № 7132 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Үржар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының м.а. 2020 жылдың 15 мамырдағы № 155 ұсынысы негізінде Мақаншы ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруының ошағын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Үржар ауданы Мақаншы ауылдық округіне қарасты "Дина" шаруа қожалығында шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Үржар ауданы Мақаншы ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 27 қаңтардағы № 8 "Үржар ауданы Мақаншы ауылдық округіне қарасты "Дина" шаруа қожалығында ірі қара малдары арасында бруцеллез індеті тіркелуіне байланысты шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2020 жылдың 30 қаңтардағы № 6715 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 06 ақпанында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Мақаншы ауылдық округі Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Үржар ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3)осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Үржар ауданының әкімдігінің интернет-ресурстарында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4.Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мақаншы ауылдық округінің әкімі*

*С. Калиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК